

*Экономиклық реформа және өңірлік даму комитетінің
төрағасы С.С. Әйімбетовтың 2012 жылғы 19 наурыздағы
«Қазақстан Республикасы Құрылыс және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері
агенттігінің 2011 жылғы қызметінің қорытындылары
және 2012 жылға арналған міндеттері»
тақырыбындағы үкімет сағатында жасайтын
қосымша баяндамасы*

Құрметті Сергей Александрович, Құрметті депутаттар!

Агенттіктің Төрағасы Серік Кеңесұлының баяндамасын тыңдай келіп, олардың өткен жылы едәуір жұмыс атқарғанын байқадық. Шынында да солай.

Бүгінде республиканың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы күрделі, көп салалы өндірістік-техникалық кешенге айналды, ол тұрғын үй шаруашылығын және жөндеу-пайдалану өндірісін, елді мекендерді сумен жабдықтауды және су бұруды, коммуналдық энергетиканы және сыртқы көріктендіруді қамтиды.

Осындай, елдің әрбір тұрғынының мүддесіне тікелей қатысы бар, техникалық, экономикалық, әлеуметтік және басқа да мәселелер тығыз ұштасып жатқан басқа да бір саланы айта алмайсың.

Алайда, баяндамада айтылған жақсы көрсеткіштерге қарамастан, осы салада біршама толық шешімін таппағаны бар.

Бірінші мәселе, Ол халықтың тұрғын үйге қол жеткізуі, әсіресе балалары бар жас отбасыларының, жетім балалардың, халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтары.

Олардың тұрғын үйге қол жеткізуі түбегейлі жақсарып кетті деп айту қиын.

Мәселен, 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республикадағы тұрғын үйге мұқтаж адамдардың саны **146 мың 859-ды** құрайды, соның ішінде **16 мың 900-і** - жетім балалар, **913-і** - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері, **8 мыңы** - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар.

2008 - 2010 жылдар аралығында **1 114** адам мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй алды - бұл үйге мұқтаж барлық адамдардың **1** пайызын ғана құрайды, олардың **307-сі** (немесе 1,8 пайызы) - жетім балалар; **672-і** (немесе 73,6 пайызы) - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және **135-і** (немесе 1,7 пайызы) – осы соғыс ардагерлеріне теңестірілген адамдар.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта республикада тұрғын үй алу кезегі өткен жылмен салыстырғанда **5 137** адамға (немесе 3,6 пайызға) өсіп отыр.

Өңірлер көрсеткіштері бойынша Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарының саны көп екені байқалады.

Көріп отырғанымыздай, жыл сайын пайдалануға берілетін тұрғын үй саны көбейіп жатқанымен, тұрғын үйге мұқтаж адамдардың саны азаймай отыр.

Тұрғын үй бағдарламасының болуына, оның іске асырылып жатқанына, кредиттік және жалға берілетін тұрғын үй құрылысына қыруар бюджет қаражаты бөлініп жатқанына қарамастан, көптеген адамдар ондаған жылдар бойы үй алу кезегінде тұр. Сондықтан, Президент өзінің биылғы Қазақстан халқына Жолдауында жалға берілетін тұрғын үй алаңын жылына **1** млн. шаршы метрге дейін жеткізуді тапсырғаны тегіннен-тегін емес. Бұл орайда азаматтар жалға берілген үйді кейіннен сатып алуға немесе ұзақ мерзімді жалға алуға мүмкіншіліктері болуы тиіс. Ел Басының алға қойған міндеттерін іске асыру мақсатында үстіміздегі жылы және алдағы жылдары тұрғын үйге мұқтаж адамдар үшін жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржылдандыру көлемін мүмкіндігінше **2-2,5** есеге арттыру қажет деп есептейміз.

Екіншіден, құрылыстың негізгі көрсеткіштері жыл сайын өсіп келе жатқанын атап өткен жөн, алайда үлестік құрылыс нарығындағы қазіргі жағдайға байланысты мәселелер шешілмеген күйінде қалып отыр. Мәселен, 2011 жылы республика бойынша **13** мың **600** үлескері бар **58** объектіні іске қосу жоспарланған болатын, ал іс жүзінде **8** мың **600** үлескері бар **29** объекті ғана пайдалануға берілді, яғни өткен жылғы жоспар **50 пайызға** ғана орындалды. Сонымен бірге, өткен жылдың ағымдағы және даму бағдаламалары бойынша бюджеттің атқарылуы **99,97**

пайызды құрайды, яғни бөлінген қаражат толық жұмсалған. Осыдан бөлінген бюджет қаражатын игеру мен іске қосылған тұрғын үйлердің саны арасында сәйкессіздік қалай пайда болды, деген сұрақ туындайды.

Үшіншіден, - тұрғын үйді жекешелендіру мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Мәжіліс депутаттары Ауғанстанда әскери қызметін өткерген әскери қызметшілерге мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген өздері тұрып жатқан үйлерін олардың меншігіне тегін беру туралы мәселені бірнеше рет көтерген болатын. Үкімет өзінің 2011 жылғы 21 мамырдағы (№ 17-31/7548) қорытындысында депутаттар көтерген мәселені қолдап, оны Үкімет әзірлеп жатқан жеке заң жобасы шеңберінде ескеруді ұсынды. Алайда, содан бері бір жылға жуық уақыт өтті, бірақ тиісті заң жобасы әлі күнге дейін Мәжіліске түскен жоқ. Осыған байланысты, осы заң жобасын Парламентке жеделдетіп енгізу қажет деп ойлаймыз.

Төртіншіден, баяндамада 2010 жылмен салыстырғанда құрылыстың негізгі көрсеткіштері **«кешегіден бүгін жақсы»** деген принциппен келтірілген. Әйтсе де, депутаттарды пайдалануға беріліп жатқан көп пәтерлі үйлердің құрылысы ғана емес, сапасы да алаңдатады. Тұрғындардан бізге келіп түсіп жатқан өтініш-хаттарының басым бөлігі тұрғын үй салушылардың **«шалағай істеріне»** қатысты. Тұрғындар осы сапаның

нашар болғандығынан терезені, есіктерді, және тағы басқаларын ауыстыруға мәжбүр. Құрылыс материалдарының сапасы, құрылыс барысындағы кідірістер, құрылыс стандарттарының бұзылуы да сын көтермейді.

Біз бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау жөнінде Ел Басы қойған міндеттерді іске асыру мақсатында, рұқсат беру рәсімдерінің санын қысқартуға арналған тиісті заңдарды қабылдадық. Сондықтан, осы бағытта жұмыс жүргізетін **тұрғын үй салушы субъектілер** - құрылысы жүріп жатқан үйдің тұрғындары алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін күшейтуі тиіс, ал Агенттік өз кезегінде құрылыс субъектілерінің осы жұмысты тиянақты орындауына әсер ететін жауапкершілік шараларын арттыруы керек. Осыған байланысты, Агенттіктен аталған мәселені шешу жолдарын қарастыруын сұраймыз.

Бесіншіден, ауылдық жердегі тұрғын үй құрылысы бойынша нақты ақпараттың болмауы депутаттар арасында үлкен алаңдаушылық туғызып отыр. Агенттіктің барлық өңірлер деңгейінде, ауылдық жерлерді дамытудың тиісті картасын әзірлеп, онда тұрғын үй және әлеуметтік-мәдени объектілерді қамтуы тиіс деп есептейміз. Бұл өте маңызды мәселе, өйткені осы әлеуметтік саланы жақсарту ауылдың одан әрі дамуына және ауылдық өңірлерге жіберілген

білімді мамандардың онда тұрақтанып қалуына ықпал етеді.

Алтыншыдан, коммуналдық желілер мен құрылғыларды жаңарту мәселесі де өзекті болып отыр. Пәтер иелерінің тұрғын үйді жөндеу, ақы төлеу шартын жасау, мердігерлердің атқарылған жұмысының сапасы және ол бойынша кепілдік мерзімін беру қажеттігі туралы сұрақтары бар. Тұрғын үй жағдайына мониторинг жүргізбестен, үйлерді тұрғындардың қатысуынсыз жөндеу жұмыстары жүргізілетін жағдайлар кездеседі. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдар тұрғын үйлерге жөндеу жүргізу тәртібі жөнінде кең ауқымды түсіндірме жұмыстарын жүргізуі қажет деп санаймыз. Сонда тұрғындар жұмыстардың тізбесі туралы, сметалық құны және басқа да шарттары туралы толық хабардар болады.

Біздер, депутаттар тұрғын үй инспекциясы қызметінің құқықтық негізін қамтамасыз ету бойынша қомақты жұмыс атқарғандығын өздеріңіз білесіздер. Парламент «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңға тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын, тұрғын үй инспекциясының өкілеттіктерін көздейтін арнайы бап -(41-2) енгізді. Жергілікті атқарушы органдардың ақпараты бойынша, қазіргі уақытта республиканың барлық өңірлерінде тұрғын үй инспекциялары құрылған, бірақ тұрғын үй-коммуналдық саладағы жағдай жақсара қойған

жоқ. Сондықтан тұрғын үй инспекциясы өз қызметін жандандыра түсіп, кондоминимум объектілерінің ортақ мүлкінің техникалық жағдайына зерттеулер жүргізу нәтижесінің сапасын арттыруға тиіс.

Жетіншіден, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық желілерін жыл сайын жаңартудың арқасында бірқатар инженерлік желілер жасалып, жөнделді, оның ішінде жылу трассалары, электр және газбен жабдықтау желілері де бар. Мысалы, оның ұзындығы 2010 жылы **967** шақырым, 2011 жылы **284** шақырымды құрады. Инженерлік желілер құрылысының осындай ауқымды көлемінің орындалғанына қарамастан, жалпы республика бойынша оның тозуы азаймай, **70** пайыз болып отыр. Бұл ретте, әлі қанша инженерлік желі жасап, жөндеу қажет, ол қандай нормативтік құқықтық актілермен реттеледі деген сұрақ туындайды.

Өздеріңізге белгілі, тұрғындарды «Ақ бұлақ» бағдарламасы шеңберінде сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында сумен жабдықтау және су бұру желілерін жөндеуге және салуға **90** млрд. теңгеден астам бюджет қаражаты бөлінді. Сол себепті, салынған сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің тиімділігі мен рентабельдігін арттыру үшін қазірден бастап сумен жабдықтайтын жаңа объектілердің, әсіресе ауылдық жерлерде оларды тиісінше пайдаланылуын бақылау қажет.

Осы айтылған және де басқа шешілмеген мәселелер бойынша Агенттік оң шешімін табатынына біз сенімдіміз.

Құрметті депутаттар!

Серік Кеңесұлына тағы да рахмет айтуға рұқсат етіңіздер және оған Агенттіктің алдында тұрған міндеттерді шешу жолындағы жұмысына табыс тілейміз.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет.